

The image features a central, large heart shape with a dashed outline, set against a background of intricate floral and scrollwork patterns in shades of purple and black. Two butterflies are depicted, one in the upper right and one in the lower left. The overall aesthetic is elegant and decorative.

**Отбасы**

# ОТБАСЫ

**Отбасы** — бірлесіп күн көретін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Отбасының маңызды сипаты - оның қызметі, құрылымы және динамикасы болып табылады.



# ОТБАСЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

---



*Отбасы құрылымы отбасының құрамы мен санынан, сонымен қатар оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастарының жиынтығынан тұрады. Отбасы құрылымын талдау отбасы қызметінің қандай жағдайда жүзеге асуы жөніндегі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік туғызады: отбасында кім басшылық етеді және кім – орындаушы, отбасы мүшелерінің арасындағы құқықтары мен міндеттері қалай бөлінген деген сияқты.*

**Отбасы құрылымының бұзылуы** – бұл оның қызметінің отбасымен орындалуына қиындық тудыратын және кедергі келтіретін құрылымдарының ерекшеліктері болып табылады. Мысалы, ері мен зайыбының арасындағы шаруашылық-тұрмыстық міндеттерінің тең бөлінбеуі өзара қарым-қатынас құрылымының бұзылу негізінде ілгері басады, яғни маңызды міндеткерлікті алған сол ерлі-зайыптылардың қажеттілік қатарының қанағаттануына кедергі жасайды: жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру, рухани қажеттілікпен қанағаттандыру. Осы себептен, отбасындағы қарым-қатынас құрылымының бұзылуы оның түрлі қызметінің отбасымен орындалуына кедергі келтіретін отбасылық қақтығыстар екенін мойындау керек.



# ОТБАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

---

*Отбасының тәрбиелік қызметі ана және әке болуда, балалармен қатым-қатынаста, оларды тәрбиелеуде, балалардың өз бетімен өсуі кезіндегі жеке қажеттіліктің қанағаттанарлығынан тұрады. Отбасы қоғаммен байланысы бойынша өсіп келе жатқан ұрпақтардың әлеуметтенуін, қоғамның жаңа мүшелерін дайындауды қамтамасыз етеді.*

## *Отбасының шаруашылық-тұрмыстық қызметі*

*- отбасы мүшелерінің материалды қажеттіліктерінің (азық-түлік, қан және т. б.), олардың денсаулығының сақталуына әсер етуінің қанағаттанарлығынан тұрады.*

*Отбасының осы қызметінің орындалу барысында еңбек ету кезінде жұмсалған жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру қамтамасыз етіледі.*

*Отбасының эмоциональдық қызметі – оның мүшелерін ұнатушылық, сыйлаушылық, мойындаушылық, эмоционалды қолдаушылық, психологиялық қорғаушылық қажеттіліктерімен қанағаттандыру. Осы қызмет қоғам мүшелерінің эмоционалды тұрақтануын, олардың психикалық денсаулығының сақталуына әсер етуді қамтамасыз*

# **ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

---

*Отбасылық құндылықтар дегеніміз бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары болады. Ол құндылықтар ежелден бері келе жатқан немесе жаңадан шығарылған құндылықтар болуы мүмкін. Бұдан басқа адамдар отбасылық құндылықтарды басты 3 топқа бөледі. Олар дәстүрлі , қазіргі , тәрбиелі , отбасылық құндылықтар деп аталады.*



# ***ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР***

---

*Адамдар отбасылық құндылықтар дегенді естігенде көз алдарына бірден құндылықтар түсіп , бір-бірімен ортақ тіл таба алады. Бірақ дәстүрлі отбасылық құндылықтардың әртүрлі болғанына байланысты адамдар осы тақырыпта ортақ тіл таба алмайды.*

*Дәстүрлі отбасылық құндылықтар дегеніміз қарт адамдардың жас отбасыға берген ақыл-кеңестері. Қазіргі таңдағы жас отбасылардың ажырасу статистикасы өскеніне байланысты жас отбасыларға олардың дәстүрлі отбасылық құндылықтары туралы теледидардан , галамтордан көруге болады. Әр отбасыда бұл құндылықтар әртүрлі. Бірақ олардың ұқсас жақтары да бар. Мысалы, кез-келген жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, баларды тәрбиелеу деген дәстүрлі отбасылық құндылықтар ортақ болады.*

## *Қазіргі отбасылық құндылықтар*

*Қазіргі таңдағы отбасылар бұрынғы салт-дәстүрді ұстануда. Бірақ сол ұстанымның өзгеруіне байланысты олар әр отбасыда әртүрлі. Ол ұстанымның өзгеру себептері заманның өзгеруіне байланысты. Себебі әр замандағы адам әртүрлі. Мысалы, бұрынғы замандағы отбасы құндылықтарымен қазір өмір сүру мүмкін емес. Бұрын адамдар әйелдеріне орамалды сыйға тартса, қазіргі жас отбасылар бір-біріне гүл немесе көйлек сыйлайды.*

*Сонымен қатар қазіргі отбасылық құндылықтарға махаббат, сенім, түсіністік және т.б жатады.*

# ***ТӘРБИЕЛІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР***

---

***Отбасылардың басты мақсаты бақытты  
ғұмыр кешу. Адамдар некеге тұрғанда  
көптеген жанжалдарды бастарынан  
өткереді. Бірақ олар өз қателерін кешіріп,  
қайта бірге болады. Оларды біріктіретін  
құндылық тәрбиелік отбасылық  
құндылықтардың бірі болып табылады.***

***Тәрбиелі отбасылық құндылықтарға құрмет,  
естеліктер жатады.***

# ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ

**Әке** — Белгілі бір баланың еркек жынысындағы ана-анасы. Әке отбасыда маңызды рөл ойнайды. Себебі әке — отбасының тіреуі болып табылады. Кейбір елдерде әке «әке» деген атқа ие болу үшін үйленуі тиіс. Бірақ басқа елдерде мұндай заң жоқ. Мысалы, АҚШтың 16 % жалғыз-әкелер екен.



*Ана — отбасыдағы ең басты адам. Ана — отбасы бағушысы деген атқа ие болған. Ананы көптеген әдебиеттерде қолданады. «Жұмақтың кілті ана табанының астында» деп бекер айтпаған.*

